

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
«Мирас» университеті

МИНИСТЕРСТВО
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Университет «Мирас»

Элективті пәндер каталогын құрастыру бойынша
ЕРЕЖЕ
ПОЛОЖЕНИЕ
о разработке Каталога элективных дисциплин



Университет ОӘК отырысында талқыланды
Обуждано на заседании УМС университета
№ 10 Хаттама, 25 мамыр 2018 ж.
Протокол № 10, «25» мая 2018 г.

Университет ҒК отырысында бекітілді
Утверждено на заседании УС университета
№ 10 Хаттама, 31 мамыр 2018 ж.
Протокол № 10, «31» мая 2018 г.

Шымкент 2018 г.

«Мирас» университетінің Оқу-әдістемелік басқармасымен ӘЗІРЛЕНГЕН
және ЕНГІЗІЛГЕН.

«Мирас» университетінің Элективті пәндерінің каталогын әзірлеу туралы қағидасында Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының, Білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының негізгі қағидалары жүзеге асырылған. Қағида мазмұны мен құрылымына қойылатын талаптарды орнатады және «Мирас» университетінің бакалавриат және магистратура мамандықтары бойынша Элективті пәндердің каталогын әзірлеудің мақсатын, міндеттері мен тәртібін анықтайды.

Бұл Қағида «Мирас» университетінің меншігі болып табылады және жоғары оқу орнының білім беру қызметінде ішкі пайдалану үшін арналған.

МАЗМҰНЫ

Пайдалану саласы	4
Нормативтік сілтемелер.....	4
Негізгі терминдермен олардың анықтамалары	5
Элективті пәндердің каталогын әзірлеу процедурасы	6
Элективті пәндер каталогының құрылымы... ..	8
Пәндердің реттілігі	9
Қосымша 1.....	10
Қосымша 2.....	11

Элективті пәндердің каталогын әзірлеу ҚАҒИДАСЫ

1. ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫ

Білім алудың кредиттік технологиясы Оқу-жұмыс жоспарына (ОЖЖ) енгізілген, білім алушылардың жеке оқу жоспарын (ЖОЖ) қалыптастырудағы тікелей қатынасын қамтамасыз ететін пәндерді таңдау еркіндігін көздейді.

Бакалавриат пен магистратура мамандықтарының оқу-жұмыс жоспарларында білім алушылармен зерттелу үшін пәндердің екі тобы ұсынылады. Біріншісі – міндетті оқып-зерттелуге жататын пәндер, екіншісі – білім алушылардың өздерімен таңдалатын пәндер. Элективті пәндердің каталогы (ЭПК) болашақ кәсіби қызметті ескере отырып, пәндердің дұрыс таңдалуында маңызды рөл атқарады.

ЭПК жасау кезінде бакалавриат пен магистратура білім алу деңгейлері үшін Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың талаптары ескеріледі.

ЭПК басты мақсаты – білім алушылардың негізделген таңдау жасауы үшін элективті пәндердің қысқаша мазмұнымен және оқу нәтижелерімен танысу мүмкіндігін ұсыну болып табылады.

Бұл қағиданы мамандықтардың Элективті пәндердің каталогын әзірлеу кезінде «Мирас» университетінің барлық шығарушы кафедралары жетекшілік етуге міндетті.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл қағида келесі нормативтік құжаттардың негізінде әзірленген:

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, 27 шілде 2007 ж., № 319-III ҚРЗ.
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 Қаулысы. Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 Қаулысы. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 17 мамыр 2013 жылғы №499 Қаулысы. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары.
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 20 сәуір 2011 жылғы №152 бұйрығы. Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процессін ұйымдастыру қағидалары.

3. НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР МЕН ОЛАРДЫҢ АНЫҚТАМАЛАРЫ

жеке оқу жоспары (ЖОЖ) – типтік оқу жоспары мен элективті пәндердің каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен білім алушылармен өз беттерінше әр оқу жылына қалыптастырылатын оқу жоспары;

элективті пәндердің каталогы–оқу мақсатын көрсете отырып пәндердің қысқаша сипатталуын, қысқаша мазмұндалуын (негізгі тараулар) және оқудың болжалды нәтижелерін (студенттермен меңгерілетін білімдер, дағдылар, машықтар мен құзыреттер) қамтитын, таңдау бойынша құрамдаушының барлық пәндерінің жүйеленген аннотацияланған тізілімі.

таңдау бойынша компонент– студенттермен кез-келген академиялық кезеңде пре-деректемлері мен пост-реквизиттерін ескере отырып өздігінен таңдалатын, жоғары оқу орындарымен ұсынылатын оқу пәндерінің тізілімі және кредиттердің (немесе академиялық сағаттардың) сәйкес минималды көлемі;

құзырет – кәсіби және жеке-дара өсім үшін еңбек және оқу жағдайларында дәлелденген қабілеттерді, білімдерді, жеке, әлеуметтік, әдістемелік қабілеттерді пайдалану;

міндетті компонент – үлгілік оқу жоспарымен анықталған және оқыту бағдарламасы бойынша студенттермен міндетті түрде оқып-зерттелетін оқу пәндерінің тізілімі мен кредиттердің сәйкес минималды көлемі;

оқудың кредиттік технологиясы – кредитті білім алушы мен оқытушының оқу жұмысының көлемін өлшейтін бірыңғайланған өлшем бірлігі ретінде пайдалана отырып, білім алушының пәндерді оқу тәртібін таңдауы мен жеке жоспарлауы негізіндегі оқыту;

пәннің сипаттамасы (Course Description)– пәннің мақсаттарын, міндеттері мен мазмұнын қамтитын пәннің қысқаша сипаттамасы (5-8 сөйлемнен тұрады);

пост-реквизиттер (Postrequisite) – зерттеу үшін оқудың аяғында меңгерілетін білімді, дағдылар мен машықтарды талап ететін пәндер;

пре-реквизиттер (Prerequisite)– зерттелетін пән үшін қажетті білімді, дағдылар мен машықтарды қамтитын пәндер;

оқу-жұмыс жоспары (ОЖЖ) – мамандықтың үлгілік оқу жоспары мен студенттердің жеке оқу жоспарларының негізінде білім беру мекемесімен өздігінен әзірленетін оқуқұжаты;

үлгілік оқу бағдарламасы (УОБ) –үлгілік оқу жоспарының міндетті компонент пәнінің оқу құжаты, ол мазмұнын, көлемін, ұсынылатын әдебиетті анықтап, білім беру саласындағы уәкілетті органмен бекітіледі.

үлгілік оқу жоспары (УОЖ) – білім берудің кәсіби оқу бағдарламасының оқу пәндерінің тізілімі мен көлемін, оларды оқу тәртібі мен бақылау нысандарын реттейтін құжат;

эдвайзер (Advisor) -білім алушының сәйкес мамандық бойынша академиялық жетекшісінің функцияларын атқаратын, оқу траекториясын таңдауға (жеке оқу жоспарын қалыптастыру) және оқу кезеңінде білім беру бағдарламасын меңгеруге жәрдем беретін оқытушы;

элективті пәндер – орнатылған кредиттердің аясында таңдау бойынша компонентке кіретін және білім беру мекемелерімен енгізілетін оқу пәндері, олар білім алушының жеке дайындығын кескіндейді, нақты аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму спецификасы мен қажеттіліктерін, жоғары оқу орнының қалыптасқан ғылыми мектептерін ескереді.

4. ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫН ӘЗІРЛЕУ ПРОЦЕДУРАСЫ

Оқу процессін жоспарлау университеттің білім беру қызметін басқару жүйесіндегі негізгі мәселесі болып табылады және өз қызметінде білім беру саласындағы ҚР нормативтік құжаттары мен жоғары оқу орнының ішкі ережелерінің әзірлемесін пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

Білім беру бағдарламаларының мазмұны білім берудің сәйкес мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарымен орнатылып, оқу жоспарлары мен бағдарламалар арқылы жүргізіледі. Оқу жоспарлары үш түрде әзірленеді:

- 1) үлгілік оқу жоспарлары (әрі қарай - ҮОЖ);
- 2) оқу-жұмыс жоспарлары (әрі қарай - ОЖЖ);
- 3) жеке оқу жоспарлары (әрі қарай - ЖОЖ).

Үлгілік оқу жоспарында міндетті компоненттің әр оқу пәнінің еңбек сыйымдылығы кредиттермен анықталады, ал таңдау бойынша компонент кредиттердің жалпы санымен көрсетіледі.

Үлгілік оқу жоспарына қосымша түрде университетте жыл сайын Элективті пәндердің каталогы әзірленеді, ол таңдау бойынша компонентке кіретін жүйеленген аннотацияланған пәндердің тізілімі болып табылады. ЭПД әзірлеу процедурасы 1-ші қосымшада келтірілген.

Шығарушы кафедралармен мамандықтардың ЭПК жасау кезінде ғылымның, тәжірибенің даму тенденциялары, нарық қажеттіліктері мен университеттің білім беру қызметі тұтынушыларының сұраулары ескерілуі қажет. Элективті пәндердің тізілімін әзірлеудегі және элективті пәндер каталогын қалыптастырудағы жұмыс берушілердің мүдделерін ескеру мақсатында, Оңтүстік Қазақстан облысының бизнес-құрылымдарының өкілдері, тәжірибешіл мамандар мен кәсіпорын жетекшілері белсенділік танытып қатысады.

Элективті пәндердің каталогын жасау процедурасы келесіні қамтиды: әр кафедра өзімен әзірленген пәндердің тізілімін ұсынады, пәндерге пре-реквизиттер мен пост-реквизиттер, ұсынылатын курстың қысқаша мазмұны мен оқудың қалыптастырылып отырған нәтижелері қоса тіркеледі. Білім беру бағдарламасының жасалуы үшін жауапты шығарушы кафедра бұл мамандық бойынша ұсынылған барлық пәндерді зерттейді және кафедра мәжілісінде, жұмыс берушілер мен жоғарғы курстардағы білім алушылардың қатысуымен, өз саласында белсенді өмірлік позицияны танытатын кәсіпқойдың қалыптасуына әсер тигізетін пәндерді элективті пәндердің каталогына енгізу туралы шешім қабылдайды.

Жұмыс беруші кемшілігі немесе кадрлік жетіспеушілігі бар нақты кәсіпорындарындағы немесе ұйымдардағы еңбек қызметінің саласын ұсынады. Осының негізінде пәннің аталуы, оның мазмұны, мақсаттары мен міндеттері, оқу нәтижелері, сонымен қатар білім алушылардың оқытушымен аудиториялық жұмыс сағаттарының қатынасы, бақылау түрлері әзірленеді. Элективті пәндердің кредиттерінің саны аталған пән бойынша ақпарат көлеміне, сонымен қатар тәжірибелік және зертханалық сабақтарда аталған пән бойынша дағдылар мен машықтарды меңгеру уақыты мен күрделілігіне байланысты болады.

Мамандықтардың ЭПК университеттің Оқу-әдістемелік кеңесі мақұлдағаннан соң, шығарушы кафедралармен, факультеттердің әдістемелік комиссиясымен талқыланады және ұсынылады, университеттің Оқу Кеңесінің шешімімен бекітіледі.

ЭПК-ға қолжетімділік университеттің білім беру порталы арқылы қамтамасыз етіледі, оның даналары ОӘБ, СҚКО, Тіркеуші кеңсесі мен кафедраларда сақталады.

Мамандықтардың ЭПК-ы икемді, өндіріске максималды түрде ұқсас бағдарламаларды жасау үшін арналған. Білім алушыларға ойластырылған және біртұтас білім беру траекториясын қалыптастыруда білікті жәрдем көрсету үшін эдвайзерлердің қызметі қарастырылған.

ЭПК академиялық кеңес беру және білім алушылардың барлық деңгейлерде жеке білім беру траекториясын қалыптастырудағы эдвайзерлердің жұмысы үшін негізгі құжат болып табылады. Эдвайзерлер білім алушыларға еңбек нарығының қажеттіктерін, жұмыс берушілердің талаптары мен білім алушылардың мүдделерін кескіндейтін жеке оқу жоспарларын әзірлеуге жәрдем береді.

Мамандықтардың ЭПК-ы шығарушы кафедралармен келесі талаптарға сәйкес әзірленуі қажет:

1. Элективті пәндер білім алушылардың Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарымен анықталған кәсіби құзыреттерді меңгеру қажеттілігіне сәйкес анықталады.

2. Элективті пәндер үлгілік оқу жоспарының циклінің көрсетілуімен, пәндердің қысқаша мазмұнымен, KZ кредиттері мен ECTS көлемінің көрсетілуімен ұсынылады.

3. Элективті пәндерді оқып-зерттеу тәртібі академиялық өзара байланыс логикасы мен пәндерді оқу реттілігіне сәйкес, яғни пре-реквизиттердің және пост-реквизиттердің көрсетілуімен жүзеге асырылады.

5. ЭЛЕКТИВТІПӘНДЕР КАТАЛОГЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

ЭПК негізгі беті келесі ақпаратты қамтуы қажет: Министрліктің, университеттің, факультет пен кафедраның аталуы, ҚР БМ әрекет етуші классификаторына сәйкес келетін мамандықтың шифры мен атауы, ЭПК әзірленіп жатқан оқу жылы, тіркеу нөмірі (Қосымша 2).

Екінші бет оның қандай мәжілістерде талқыланғандығы, мақұлданғандығы мен бекітілгендігі туралы ақпаратты қамтиды. Кафедраның, факультеттің әдістемелік комиссиясының, университеттің ОӘК мен ҒК хаттама нөмірлері мен мәжіліс күндері, сонымен қатар жауапты тұлғалардың лауазымы мен қолтаңбалары.

ЭПК мазмұны тараулар орналасқан беттердің нөмірін анықтайды, міндетті түрде білім беру траекторияларының толық атаулары көрсетіледі.

Қысқаша кіріспесі әмбебап мазмұнға ие (бакалавриат пен магистратура үшін түрлі) және білім алушыға ЭПК пайдалану қағидаттарындағы нұсқау мен жетекшісі ретінде арналған.

ЭПК жұмыс жасау қағидаттарымен танысып болғанна соң білім алушыға ұсынылатын траекторияның қысқаша сипаттамасы, меңгерілетін құзыреттері мен курсты оқып-зерттегеннен соң еңбекке орналасудың мүмкін салалары көрсетілген. Білім беру бағдарламасын сапалы түрде меңгеру үшін оқудың соңына дейін таңдалған траекторияны ұстануға кеңес беріледі. Білім беру траекториясы – міндетті компонент пен таңдау бойынша компонент пәндерінің жиынтығы, оларды табысты түрде оқу нәтижесінде студент кәсіби қызметтің белгілі бір түрлері үшін қажетті білімдер, дағдылар мен машықтардың кешеніне ие болады.

«Мирас» Университетінде мамандықтар бойынша білім беру траекториялары ұсыным беру сипатына ие және студенттің жеке білім беру траекториясын қалыптастыру құқығын жоққа шығармайды.

Әрі қарай келесі мәліметтерді қамтитын ЭПК кестесі орналасады: Жалпы білім беру пәндерінің (әрі қарай ЖББП), Базалық пәндердің (БП) және профильдеуші пәндердің (ПП) циклдері бойынша элективті пәндердің блоктары. Магистратура үшін тек БП және ПП циклдері толтырылады. Пәндер таңдау негізінде іріктеледі, таңдау критерийлері болып Қазақстан Республикасының экономика мен еңбек нарығының болжалды қажеттіліктері табылады. ЭПК жалпы және базалық модульдерге кіретін пәндерді қамтиды, бұл пәндерді зерттеу таңдалатын білім алу траекториясына әсер етпейді, сонымен қатар студентпен нақты мамандықты алу мақсатымен зерттелетін мамандық модульдеріне кіретін пәндер кіреді.

ЭПК-да элективті пәндерді оқу үшін қажетті КЗ және ECTS кредиттердің саны көрсетіледі. Элективті пәндер, әдетте, зерттеу пәнін толық меңгеру үшін бір пәнге кем дегенде 3 кредитті қамтуы қажет. Бірыңғай жағдай ретінде көлемі 2 кредит болатын пәндерді енгізуге рұқсат етіледі.

Әрі қарай пәнді оқудың мақсаттары мен міндеттері, кейін пәннің қысқаша мазмұны мен болжалды нәтижелер көрсетіледі, яғни лсы пәнді зерттеген білім алушы меңгеретін білімдер, дағдылар мен машықтар.

Білім алушылардың таңдау жасау кезіндегі бағдар алуын жақсарту үшін каталогта әр оқу пәнінің пре-реквизиттер мен пост-реквизиттері көрсетілген. Пре-реквизиттер – бұл бұл пәнді оқудың алдындағы пәндер; Пост-реквизиттер – бұл пәнді оқығаннан соң зерттеу қажет болатын пәндер.

Элективті пәндердің каталогы элективті пәндердің альтернативті таңдау мүмкіндігін қамтамасыз етеді.


6. ПӘНДЕРДІҢ РЕТТІЛІГІ

ЭПК әзірленуі пәндерді оқудың логикалық реттілігін ескере отырып жасалуы қажет. Пре- және постреквизиттердің жүйесі білім алу траекториясының ойластырылмаған қалыптасу мүмкіндігін жойып, бүкіл оқу кезеңі бойы жүктеменің бірыңғай болуын үйлестіруге мүмкіндік береді.

Пәндерді оқыту «тізбегі» МК және ТК типті пәндерден құралуы мүмкін. ЭПК-да ТК үшін екі типтінде пәндері көрсетілуі мүмкін.

Үлгі ретінде 1-суретте 5B010200 – «Бастауышты оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының білім беру бағдарламасы бойынша пәндерді оқыту тізбегі көрсетілген. Келтірілген мысалда білім алушы «Математиканы оқыту әдістемесі» пәнін оқу алдында көрсетілген міндетті компоненттер (Оқушылардың физиологиялық дамуы, Психология, Педагогика, Бағалаудың өлшемдік технологиялары) мен элективті пәндерді (Педагогикалық кәсіпке кіріспе, Математика негіздері, Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін дидактикалық дайындау) игеруі қажет.

«Математиканы оқыту әдістемесі» пәнінің постреквизиттері ретінде «Бастауыш мектепке дидактикалық материалдарды дайындау технологиясы», «Бастауыш мектептегі инновациялық әдістемелер», «Бастауыш мектепте математиканы оқыту бойынша практикум» пәндерін көрсетуге болады.



Сурет 1. 5B010200 - «Бастауышты оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасының пре- және постреквизиттерінің тізбегі.

Қосымша 1. ЭПК әзірлеу процедурасы.

№	ЭПК әзірлеу процедурасы	Жауапты бөлімше	Қызметі
1	Пәндер тізімін даярлау	Университет кафедралары	Білім беру бағдарламалары траекторияларының ұсынылатын пәндер тізімін дайындау.
2	Жұмыс берушілердің, мамандардың, білім алушылардың қатысуымен кафедра мәжілісін өткізу	Шығарушы кафедра	Шақыртылатын, шығарылатын мамандықтарға сәйкес келетін ұйымдардың тізілімін іріктеу. Кафедра мәжілісіне Оңтүстік Қазақстан облысының бизнес-құрылымдарының өкілдерін, тәжірибешіл қызметкерлерді және кәсіпорын жетекшілерін шақыру. Кемшілігі немесе кадрлік жетіспеушілігі бар еңбек қызметінің салаларын талқылау. Нақты мамандық бойынша пәндердің ұсынылған тізілімін зерттеу. Пәндердің мазмұнын, пәндердің көлемін, оқу нәтижелерін талқылау. Пәндерді ЭПК-на енгізу туралы шешімді қабылдау.
3	ЭПК-ны рәсімдеу	Шығарушы кафедра	Пәндердің сипаттау бөлігін дайындау: пре- және постреквизиттер, пәннің мазмұны, мақсаттары мен міндеттері, оқу нәтижелері. Университетте қабылданған ЭПК үлгісін толтыру.
4	Жұмыс берушінің түйіндемесі	Шығарушы кафедра	Жұмыс берушілермен, мамандармен кездесу. ЭПК презентациясы, әзірлеу сапасы бойынша қысқаша түйіндемені алу, қажет жағдайда түзетулер мен толықтыруларды енгізу.
5	ЭПК-ны факультеттің әдістемелік комиссиясының отырысында талқылау	Факультеттің ӘК	ЭПК-ны мәжілісте талқылау, мақұлдау туралы шешім қабылдау және жоғары тұрған органға бекіту үшін тапсыру.
6	ЭПК-ны ОӘК отырысында талқылау	ОӘК	ЭПК-ны мәжілісте талқылау, мақұлдау туралы шешім қабылдау және жоғары тұрған органға бекіту үшін тапсыру.
7	ҒК отырысы	Ғылыми кеңес	Рассмотрение и утверждение. Ғылыми кеңес отырысында ЭПК-ның кафедралармен қорғалуы. Қарастыру және бекіту.

Қазақстан Республикасының Ғылым және Білім министірлігі
«Мирас» университеті



Педагогика, өнер және тілдер факультеті
Тілдік пәндер кафедрасы

ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

5B011700
(шнфр)

Қазақ тілі мен әдебиеті
(мамандық атауы)

Түскен жылы 2018

Шымкент 2018

Элективтік пәндер каталогы «Тілдік пәндер» кафедрасының мәжілісінде
талқыланды
Хаттама №7 06.02.2018 Кафедра меңгерушісі
ф.ғ.к., Османова Р.А.

Элективтік пәндер каталогы Педагогика өнер және тілдік
факультетінің кеңесінде мақұлданды
Хаттама № 8 14.03.2018ж.
Факультет Әдістемелік кеңесінің төрайымы
Ақбердиева Д.А.

Элективтік пәндер каталогы «Мирас» Университетінің әдістемелік кеңесінде
мақұлданды
Хаттама № 8 24.03.2018ж.
ОӘБ бастығы
Игнашова Л.В.

Элективтік пәндер каталогы «Мирас» Университетінің Ғылыми кеңесінде бекітілді
Хаттама № 8 31.03.2018ж.
Университеттің Ғылыми кеңесінің хатшысы
т.ғ.к., доцент Тилегенова К.Б.

Мазмұны

Кіріспе	4
"Қазақ тілі және әдебиет пән мұғалімі" траекториясы	5
"Қазақ тілі және әдебиет әдіскер пән мұғалімі" траекториясы	6
Жалпы білі беру пәндер циклі	7
Базалық пәндер циклі	9
Кәсіптік пәндер циклі	13

Кіріспе

Оқу барысында әрбір студент, оқу нысанына және негізгі біліміне қарамастан, таңдалған мамандығы бойынша бакалавр дәрежесін алу үшін, міндетті компонент пен таңдау бойынша компоненттерден (элективті пәндер) тұратын, ең аз көлемі - теориялық оқудың 129* кредитін құрайтын білім беру бағдарламасын меңгеруге міндетті.

Міндетті компонент (МК) - студент таңдалған білім беру траекториясына қарамастан міндетті түрде зерделейтін, кредиттердің тиісті көлеміне ие оқу пәндері.

Таңдау бойынша компонент (ТК) - студент, олардың пререквизиттері мен постреквизиттерін ескере отырып, кез келген академиялық кезеңде зерделеуге таңдайтын және нақты білім беру траекториясының ерекшелігін көрсететін кредиттердің тиісті көлеміне ие оқу пәндері болып табылады.

Білім беру траекториясы - МК және ТК пәндерінің жиынтығы болып табылады, оларды ойдағыдай зерделеудің нәтижесінде, студент кәсіби қызметтің белгіленген түрлеріне қажетті білімнің, дағдылар мен машықтардың жиынтығына ие болады.

Оқудың кредиттің технологиясы шарттарында әрбір студент эдвайзердің көмегімен өзінің білім беру траекториясын (бағдарламасын) қалыптастырады.

Студенттің оқу траекториясын жан-жақтан ішкі және дербес түрде анықтау мүмкіндігін жасау мақсатымен ЭПК - элективті пәндер каталогы жасалды; аталған каталог, білім беру траекторияларын (мамадануларын) ескере отырып, таңдау бойынша компонентке кіретін пәндердің тізбесін білдіреді.

Әрбір пәнде қысқаша мазмұн келтірілген, пәнді зерделеудің мақсаттары мен міндеттері көрсетілген және пәнді зерделеуден күтілетін нәтижелер сипатталған және пәннің кредит түріндегі көлемі көрсетілген.

Білім беру траекториясын қалыптастыру үшін мыналар ұсынылады:

- оқуды тәмамдағаннан кейін кәсіби қызметтің қалаулы саласын анықтау;
- осы қызмет саласы үшін талап етілетін құзыреттерді анықтау;
- осы құзыреттерді қалыптастыратын ТК пәндерін таңдап алу;
- ТК және МК пәндерінің пререквизиттері мен постреквизиттерін ескере отырып, оларды зерделеудің реттілігін анықтау, сондай-ақ оқу семестрлерінің санын және семестрде ұсынылатын орташа жүктемені анықтау (күндізгі оқу нысанының студенттері үшін - 18-21 кредит, сырттай оқу нысанының студенттері үшін - 9-15 кредит, кешкі оқу нысанының студенттері үшін - 12-15 кредит).

Элективті пәндерді тәртіпсіз таңдауға жол бермес үшін, студенттерге, еңбек нарығының қажеттіліктері мен жұмыс берушілердің талаптарын ескере отырып, «Мирас» университетінің мамандары тарапынан әзірленген білім беру траекториясы таңдауға ұсынылады.**

Білім беру бағдарламасы, таңдалатын білім беру траекториясына қарамастан студент тарапынан зерделенетін міндетті компонент пен таңдау бойынша компоненттің пәндерінен құралған мамандықтың базалық модульдерін, сондай-ақ студент тарапынан мамандықты алу мақсатымен зерделенетін таңдау бойынша компоненттің пәндерінен құралған мамандықтың модульдерін қамтиды.

Жоғары білім мамандығының мамандануы бойынша білім беру бағдарламасын сапалы түрде меңгеру үшін, оқу аяқталғанға дейін таңдалған траекторияны ұстанған жөн.

* Кәсіби тәжірибені, дене шынықтыруды, теориялық пәндерді және қорытынды аттестаттауды өз ішіне алатын, оқудың қосымша түрлерін (ОҚТ) қоспағанда

** Білім беру траекториялары ұсыну сипатына ие болып табылады және студентті жеке білім беру траекториясын қалыптастыру құқығынан айырмайды

"Қазақ тілі және әдебиет пән мұғалімі" траекториясы

Алынатын құзыреттілік пен дағды:

- Қазақ тілі мен әдебиеті саласында толыққанды және сапалы кәсіптік білім алуы, педагогикалық процесті сапалы ұйымдастыру;
- Танымдық қызмет әдістерін белсенді меңгеру, білім берудің маңыздылығы;
- Түрлі педагогикалық технологияларды қолдана білу, кәсіби бағдарына және өз бетімен білім алуына жағдай жасау;
- Қазақ тілі мен әдебиеті бойынша білім берудің қазіргі талаптары және объективті заңдылықтары ескерілген жеке кәсіби қызметтерін жоспарлау;
- Білім алушылардың оқыту процесі кезінде алған білімін, білігі, және дағдысын кәсіби қызметте қолдана білу қабілеті;
- Педагогикалық мақсат қою саласындағы білімдерді, біртұтас педагогикалық процесті жобалау және жүзеге асыру біліктері мен дағдыларын меңгеруі;
- Ұлттық құндылықтар жүйесінде орын алу;
- Этикалық құндылықтар жолын ұстану;
- Ізгілікке, адамгершілікке, сауаттылыққа бейім болу;
- Қазақ тілі мен әдебиеті саласындағы білімдерді меңгерту, ақпараттарды басқару дағдылары мен біліктерінің болуы;
- Талдау және синтез негізінде кешенді мониторингті жүзеге асыру;
- Қазақ тілі мен әдебиеті бойынша білім беруде қабілетті болу, зерттеу мәдениетін жетілдіруге ұмтылу;
- Кәсіби қызметте қажетті іргелі білім, білік және дағдыны қалыптастыру;
- Білім алушы жас ұрпаққа ғылыми негізде білім беріп, адам өмірі мен қызметінің мазмұны мен теориялық мәні туралы терең білім беруі;
- Қазақ халқының өткен тарихы мен оның жалпы адамзаттық тарихтан алатын орны жөнінде кең көлемді шынайы мағлұмат беру, бұрын орнығып қалған қарағар көзқарастардан тазартылған, жаңа мазмұндағы тәуелсіз ғылыми түсініктер беру;
- Мемлекеттік тіл дәрежесіндегі қазақ тілін Қазақстанның әрбір азаматының жетік меңгеруін қамтамасыз ету;
- Еліміздің әдеби, тілдік, мәдени ахуалы туралы жан-жақты мағлұмат беру;
- Қазақ тілі мен әдебиетінің негізгі құндылықтарынан сипаттама жасап, насихаттау;
- Оқытудың жаңа технологиясын жетік меңгерту және оны жұмыс барысында оңтайлы пайдалана білуге үйрету;
- Жалпы тіл біліміндегі осы заманғы ғылыми концепциялар мен жетістіктер туралы мәліметтер беру;
- Ұлттық әдебиеттің жалпы даму жолы, белсенді кезеңдері, көркемдік-эстетикалық мәселелері жөнінде түсінік қалыптастыру;
- Қазақ тілінің фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, сөзжасамдық және синтаксистік құрылымы мен теориялық мазмұнын терең меңгерту;
- Мемлекеттік тілді оқытудың жаңа әдіс-тәсілдері мен техникалық жетістіктерін іс жүзінде пайдалана білу;
- Ағымдағы әдеби процестің жай-күйінен жаңа мәліметтер беру және қалыптастыру;
- Әдебиеттануға кіріспе, әдеби шығарма, сөз өнері, көркемдік категориялар жөнінде терең теориялық білім беру;
- Қазақ тілінің даму тарихынан мағлұмат беру дағдысы.

Кәсіби қызметтегі қажетті салалар:

- Жалпы білім беретін орта мектептерде, лицей, гимназия, техникалық, кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары;
- Ғылыми-зерттеу саласы (ғылыми-зерттеу мекемелерінде кіші ғылыми қызметкер);
- Әдеби-шығармашылық саласы (әдеби, мәдени мекемелерінде, баспа орындарына);
- Оқыту процесін ұйымдастыру және жүзеге асыру әдістерін анықтау саласында;
- Нақты кәсіби, тәрбиелік жұмыстарды жоспарлау мен шешу бойынша;

Жалпы білім беру пәндер циклі				
Пәнді оқу мақсаты мен міндеті	Қысқаша мазмұны	Пәнді оқытудағы күтілетін нәтижелер	Пререквизиттер	Постреквизиттер
Базалық пәндер циклі				
Пән оқытудың мақсаты мен міндеттері	Қысқаша мазмұны	Пәнді оқудан кейінгі күтілетін нәтижелер	Пререквизиттер	Постреквизиттер
Кәсіптік пәндер циклі				
Пән оқытудың мақсаты мен міндеттері	Қысқаша мазмұны	Пәнді оқудан кейінгі күтілетін нәтижелер	Пререквизиттер	Постреквизиттер

